

Салық төлеушілерді салық есебінде аударым жасау тәсіліне көшіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1001 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 40-бабының 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Салық есебінде, кассалық әдісті қолданған салық төлеушілерге кассалық әдістен аударым жасау әдісіне көшу кезіндегі жинақталған салық сомаларының айырмасын төлеу уақыты, бюджетке салық жарнасын уақтылы төлемегені үшін өсім аударусыз 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылады.<*>

Бұл ретте салық төлеушілер тіркеу орындары бойынша салық органдарына тиісті өтінішті табыс етеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1997.12.30. N 1857

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.12.15. N 1285 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдері бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыруды тоқтатудың нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешегі бар салық төлеушілер аударым жасау әдісі бойынша салық салу мақсатында кірістер мен аталған қарыздар бойынша шығыстарды және олар бойынша есептелген салықтарды және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды айқындасын.<*>

Аталған борыштар бойынша бюджетке тиесілі салық сомаларын және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды төлеу салық жарнасын уақтылы төлемегені үшін оларды өсім және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды есептемей өтеуіне қарау жүзеге а с ы р ы л а д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1997.12.30. N 1857

қ а у л ы с ы м е н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бес күн мерзімде салық төлеушілерді салық сомалары айырмашылықтары есебін қоса, салық есебінде аударым жасау әдісіне көшіру туралы түсіндірме әзірлесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК